Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметтерін реттеу жөніндегі уәкілетті орган қаржы орталығының арнайы сауда алаңына қаржы құралдарын жіберу үшін белгілеген, аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарына аудиторлық ұйымның сәйкестігін растайтын құжаттар;

эмитенттің қаржы құралдарының шығарылымы проспектісінің көшірмесі, сондай-ақ болған жағдайда шығарылым проспектісіне өзгерістер мен
т о л ы қ т ы р у л а р ;

аудиторлық ұйымның эмитентпен аффилиирленбегені туралы, бұдан басқа, Қазақстан Республикасының резиденті — аудиторлық ұйым үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметтер туралы заңнамасына сәйкес аудиторлық ұйымда аудит жүргізуге құқықтарының шектелмегені туралы
ж а з б а ш а р а с т а у ы ;

қаржылық есептіліктің халықаралық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған аудиторлық есебінің нотариат куәландырған көшірмесі;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариат
к у ә л а н д ы р ғ а н к ө ш і р м е с і ;

биржа куәліктерінің көшірмелері;
орталық депозитарийдің жазбаша растауы;
құжаттарды ұсыну және алу құқығына сенімхат.

Осы тармақта көрсетілген, бірнеше парақтан тұратын құжаттар көшірмелері нөмірленіп, тігіліп және лауазымды тұлғалардың қолдарымен және соңғы парақтың артқы жағында, тігілген жіптің түйініне жапсырылған, тігілген парақ саны көрсетілген жапсырманың үстіне эмитенттің мөрімен куәландырылып
ұ с ы н ы л а д ы .

12. Өтініштердің үлгілері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz Интернет-ресурсында орналастырылған не оларды

Комитетте (№ 107-кабинет) алуға болады.

13. Құжаттарды уәкілетті құрылымдық бөлімшенің сарапшысы Комитеттің мына мекенжайдағы ғимаратында қабылдайды: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 103 кабинет.

14. Құжаттарды тапсыру кезінде мемлекеттік қызметтерді тұтынушыға Бас прокурордың 2007 жылғы 30 мамырдағы № 20 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесінде көрсетілген нысандағы талон беріледі.

15. Өтініш берушінің аудитке жұмсалған шығындарды эмитентке өтеу туралы жазбаша хабарламасы эмитенттің басшысына не өкіліне (сенімхат бойынша) бұйрыққа қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мына мекенжайда беріледі: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 107 кабинет не поштамен жіберіледі.

16. Мынадай жағдайларда: осы Стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттардың бірі болмаған; осы Стандарттың 11-тармағы он үшінші абзацының талаптары сақталмаған; ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартылады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің мемлекеттік қызметтерді ресімдейтін мемлекеттік қызметшілері өз қызметтерінде:

1) қарапайымдылық танытып, өз лауазымын асыра көрсетпеуі және пайдаланбауы, сыпайы және әдепті болуы;

2) құжаттарды қарау кезінде төрешілдік пен әбігерлік көріністеріне жол бермеуі, олар бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қабылдауы;

3) қаржы орталығының қатысушысы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуі;

4) мемлекеттік қызметтерді тұтынушының құпиялы ақпаратын жеке мақсаттарға пайдалануға жол бермеуі тиіс.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Өтініш берушілерге мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижелері осы Стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жұмысы бағаланатын осы

мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Комитеттің мемлекеттік қызметтерді ресімдейтін мемлекеттік қызметшілерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы түсініктемені, шағымды дайындауға көмек алу үшін тұтынушы мына мекенжайға : Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 202 кабинет, Комитеттің мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бастығына хабарласа алады, телефон нөмірі: 8(727)244-95-00, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

21. Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына, осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген жұмыс кестесіне сәйкес Комитетке беріледі, телефон нөмірі: 8(727)244-95-00, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

Егер тұтынушы қабылданған шараларға қанағаттанбайтын болса немесе мәселені жоғары тұрған сатының қарауы талап етілсе, онда өтініш беруші шағымды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының атына не оның орнындағы адамға жазбаша түрде жолдай алады. Шағымдар 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» шағынауданы, 21-үй мекенжайы бойынша поштамен жіберіле немесе қолма-қол беріле отырып, жазбаша түрде қ а б ы л д а н а д ы .

22. Қызметтер жөнсіз көрсетілген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына, осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген жұмыс кестесіне сәйкес Комитетке беріледі, кабинеттің нөмірі 205, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің нәтижесімен келіспеген жағдайда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

24. Тұтынушының қалауы бойынша шағымға қосымша құжаттар және материалдар қ о с ы л а а л а д ы .

25. Шағым берілген жағдайда тұтынушыға Бас прокурордың 2007 жылғы 30 мамырдағы № 20 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесінде көрсетілген нысандағы талон беріледі. Шағым Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында көрсетілген тәртіпте және мерзімде қаралады. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты 8(727)244-95-00 телефоны арқылы

26. Мемлекеттік қызметтер туралы өзге ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz Интернет-ресурсында орналастырылған « Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберілген қаржы құралдары эмитенттерінің аудитіне жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік қызметтер стандартына ҚОСЫМША

Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің _____ жылдағы мақсатты мәні	Көрсеткіштің _____ жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының пайызы (үлесі)	100%		
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі) (90%			
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызметтің сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
3.2. Электронды форматта қолжетімді болатын ақпарат қызметтерінің пайызы (үлесі)			
4. Шағымдану процесі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі) (100%			
5. Әдептілік			
5.1. Қызметкерлердің әдептілігіне қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі) (100%			

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2011

жылғы

14

желтоқсандағы

«Заңды тұлғаларды - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)» мемлекеттік қызметтер СТАНДАРТЫ

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті (бұдан әрі — Комитет) мына мекенжай бойынша көрсетеді: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181.

2. Мемлекеттік қызметтер көрсету нысаны: жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызметтер «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы, «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы және «Заңды тұлғалар - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) ережесін бекіту туралы» Агенттік төрағасының 2007 жылғы 2 шілдедегі № 02-02/158а бұйрығы негізінде көрсетіледі.

4. Осы Мемлекеттік қызметтер стандарты (бұдан әрі - Стандарт) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz Интернет-ресурсында («Ұлттық Банктің мемлекеттік қызметтері» бөлігінде), Комитет ғимаратының холында орналастырылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған. Қосымша ақпаратты Комитеттің тегін анықтама қызметтерінде 8(727)244-95-00 телефоны арқылы алуға болады.

5. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің аяқталу нысаны заңды тұлға - қаржы орталығының қатысушысына мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қағаз тасымалдауыштағы куәлік (бұдан әрі — мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) және 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін берілетін Қазақстан Республикасының салық төлеушісінің куәлігін беру және мәліметтерді заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне енгізу болып табылады.

Осы Стандарттың 16-тармағында көзделген жағдайларда тұтынушыға мемлекеттік қызметтер көрсетуді тоқтата тұру және бас тарту туралы жазбаша

11. Мемлекеттік қызметтерді алу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:
құрылтайшы немесе құрылтайшының уәкілетті тұлғасы қол қойған
мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өтініш;
қаржы орталығының қатысушысын құру туралы құрылтай жиналысы
хаттамасының немесе жалғыз құрылтайшы шешімінің мемлекеттік және орыс
тілдеріндегі екі данасы;
жарғының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі үш данасы;
қаржы орталығы қатысушысының орналасқан жерін растайтын нотариат
куәландырған құжат;
құрылтайшыда - заңды тұлғада Қазақстан Республикасы бойынша салық
төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік
аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі (бар екендігі) туралы салық
органының анықтамасы;
аударым операциясын жүзеге асырған ұйым беретін заңды тұлғаларды,
олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркеу үшін,
сондай-ақ оларды қайта тіркеу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын
түбіртек немесе құжат;
құжаттарды беру және алу құқығына сенімхат.

Шет ел қатысатын қаржы орталығының қатысушысын мемлекеттік тіркеу
үшін осы тармақта көрсетілген құжаттардан басқа, егер Қазақстан Республикасы
ратификациялаған халықаралық шарттарда басқаша белгіленбесе, қосымша мына
құжаттардың бірі ұсынылады:

мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен бірге
сауда тізілімінен заңды көшірме немесе құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет
мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын
басқа да заңды құжат;

мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасымен
бірге құрылтайшы - шетелдік жеке тұлға паспортының көшірмесі немесе жеке
басын куәландыратын басқа да құжат.

Қаржы орталығының қатысушысын - банктің еншілес ұйымын мемлекеттік
тіркеуден өткізген жағдайда қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген банктің еншілес ұйымды
құруына рұқсат қосымша ұсынылады.

Акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі
қаржы орталығының қатысушысын және онымен аффилиирленген тұлғаны
мемлекеттік тіркеуден өткізген жағдайда монополияға қарсы органның жазбаша
келісімі ұсынылады.

Қайта ұйымдастыру (өзгерту, қосу, бөлу, бөліп шығару) нәтижесінде
құрылатын қаржы орталығының қатысушысын мемлекеттік тіркеу үшін осы

тармақта көрсетілген құжаттардан басқа мыналар ұсынылады:

қаржы орталығы қатысушысының уәкілетті органының мөрімен бекітілген уәкілетті органның қайта ұйымдастыру туралы шешімі;

қаржы орталығы қатысушысы мүлкінің меншік иесі немесе қаржы орталығының қатысушысын қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған қаржы орталығы қатысушысының міндеттемелері бойынша құқық мирасқорлығы туралы ережелер көрсетілген өткізу актісі не бөлу балансы;

қаржы орталығы қатысушысын қайта ұйымдастыру, кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпарат жарияланған баспасөз басылымының түпнұсқасы не қаржы орталығының қатысушысын қайта ұйымдастыру туралы кредиторларды жазбаша хабардар етуді растайтын құжат;

құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін берілетін Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігі;

мөрдiң жойылғаны туралы Алматы қаласының iшкi iстер органы беретiн құжат ;

акционерлік қоғам нысанындағы қайта ұйымдастырылатын қаржы орталығы қатысушысының акциялар шығарылымының күшін жою туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның х а б а р л а м а с ы .

Қаржы орталығының қатысушысын мемлекеттік қайта тіркеу үшін мыналар ұ с ы н ы л а д ы :

құрылтайшы немесе құрылтайшы өкілеттік берген тұлға қол қойған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өтініш;

уәкілетті органның мөрімен бекітілген, қаржы орталығы қатысушысының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы уәкілетті органның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі шешімі (шешімінен ү з і н д і - к ө ш і р м е) ;

жаңа редакциядағы құрылтай құжаты не құрылтай құжатына қосымша ретінде, мемлекеттік және орыс тілдерінде ресімделген өзгерістердің екі данасы. Егер заңнамалық актілерге сәйкес құрылтай құжаттарын нотариат куәландыруы тиіс болса, онда оған енгізілетін өзгерістер де нотариалды тәртіппен к у ә л а н д ы р ы л у ы т и і с ;

қаржы орталығы қатысушысының орналасқан жерін растайтын нотариат к у ә л а н д ы р ғ а н құжат ;

қаржы орталығы қатысушысының бұрынғы Жарғысы;

қаржы орталығы қатысушысының мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін берілетін Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің к у ә л і г і ;

аударым операциясын жүзеге асырған ұйым беретін заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркеу үшін, сондай-ақ оларды қайта тіркеу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын түбіртек немесе құжат;

құжаттарды беру және алу құқығына сенімхат.

Қатысушылар құрамының өзгеруі негіздемесі бойынша қаржы орталығының қатысушысын - шаруашылық серіктестікті мемлекеттік қайта тіркеу кезінде мынадай құжаттардың бірі қосымша ұсынылады:

шаруашылық серіктестігінің құрамынан шыққан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және құрылтай құжаттарына сәйкес серіктестіктен шығатын қатысушының мүліктегі (жарғылық капиталдағы) үлесін иеліктен шығару (беру) немесе құқығының ауысуын растайтын құжат (шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімін бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға лицензиясы бар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы жүргізетін шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда);

қаржы орталығы қатысушысының құрамына жаңа қатысушы - заңды тұлға кірген жағдайда, жаңа қатысушы - заңды тұлғаның салық берешегінің жоқ екендігі туралы салық органының анықтамасы.

Таратылу негіздемесі бойынша қаржы орталығы қатысушысы қызметтерінің тоқтатылуын тіркеу үшін мыналар ұсынылады:

қаржы орталығы қатысушысы мүлкінің меншік иесі (бұдан әрі — меншік иесі) немесе меншік иесінің уәкілетті тұлғасы қол қойған, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өтініш;

меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген қаржы орталығының қатысушысы органының тарату туралы, шешім қабылдаған органның мөрі басылған шешімі;

құрылтай құжаттары, қаржы орталығы қатысушысының мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін берілетін Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің куәлігі;

қаржы орталығының қатысушысы қызметтерінің тоқтатылуы туралы, кредиторлардың өтініштерін мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпарат жарияланған баспасөз басылымының түпнұсқасы;

таратылатын қаржы орталығы қатысушысы мүлкінің құрамы, кредитор мәлімдеген шағымдар тізбесі, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын аралық тарату балансы;

тарату балансы;

меншік иесінің немесе өзге органның қаржы орталығының қатысушысын тарату туралы, аралық және тарату баланстарын бекіту туралы, шешім

кабылдаған органның мөрі басылған шешімі;
қаржы орталығының қатысушысы мөрінің жойылғаны туралы Алматы қаласының ішкі істер органы беретін құжат;
Қазақстан Республикасы бойынша салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі (бар екендігі) туралы салық органының анықтамасы;
қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның акциялар шығарылымының күшін жою туралы хабарламасы (акционерлік қоғамдар үшін);
аударым операциясын жүзеге асырған ұйым беретін заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркеу үшін, сондай-ақ оларды қайта тіркеу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын т ү б і р т е к н е м е с е құжат;

құжаттарды беру және алу құқығына сенімхат.

12. Өтініштердің үлгілері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz Интернет-ресурсында орналастырылған не оларды Комитетте (№ 107-кабинет) алуға болады.

13. Құжаттарды уәкілетті құрылымдық бөлімшенің сарапшысы Комитеттің мына мекенжайдағы ғимаратында қабылдайды: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 103 кабинет.

14. Құжаттарды тапсыру кезінде мемлекеттік қызметтерді тұтынушыға Бас прокурордың 2007 жылғы 30 мамырдағы № 20 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесінде көрсетілген нысандағы т а л о н беріледі.

15. Қаржы орталығы қатысушысының басшысына не өкіліне (сенімхат бойынша) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, Қазақстан Республикасының салық төлеушісінің куәлігін беру мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 107 кабинет.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсетуді тоқтату үшін негіздемелер мыналар б о л ы п т а б ы л а д ы :
осы Стандарттың 11-тармағында қарастырылған құжаттарды толық ұсынбауы ;

ұсынылған құжаттарда қарау барысында анықталған мәліметтердің толық б о л м а у ы .

Жоғарыда аталған себептерді жойған жағдайда мемлекеттік қызметтер осы Стандартта белгіленген мерзімде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту негіздемелері болып: Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген қаржы орталығының қатысушысын құрудың немесе қайта құрудың тәртібін бұзу;

қаржы орталығы қатысушысының құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес келмеуі; өткізу актісінде немесе болу балансында қайта құрылған қаржы орталығы қатысушысының құқық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы; бір айлық есептік көрсеткіштен астам салық берешегінің болуы; егер заңды тұлға - қаржы орталығы қатысушысының құрылтайшысы іс-әрекет етпейтін заңды тұлға не іс-әрекет етпейтін заңды тұлғалардың құрылтайшысы болып табылуы; егер қаржы орталығы қатысушысының басшысы қызметтеріне әрекет қабілеттілігі жоқ немесе әрекет қабілеттілігі шектелген деп танылған немесе хабар-ошарсыз кеткен немесе қайтыс болды деп жарияланған, немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 192, 216, 217-баптарында көзделген қылмыстары үшін сотталған адам ұсынылуы немесе жеке басын куәландыратын жоғалған құжаттар ұсынылуы.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің мемлекеттік қызметтерді ресімдейтін мемлекеттік қызметтершілері өз қызметтерінде:

- 1) қарапайымдылық танытып, өз лауазымын асыра көрсетпеуі және пайдаланбауы, сыпайы және әдепті болуы;
- 2) құжаттарды қарау кезінде төрешілдік пен әбігерлік көріністеріне жол бермеуі, олар бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қабылдауы;
- 3) қаржы орталығының қатысушысы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуі;
- 4) мемлекеттік қызметтерді тұтынушының құпиялы ақпаратын жеке мақсаттарға пайдалануға жол бермеуі тиіс.

4. Жұмыстың нәтижелері

18. Тұтынушыға мемлекеттік қызметтер көрсетудің нәтижелері осы Стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жұмысын бағалауға негіз болатын мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Комитеттің мемлекеттік қызметтерді ресімдейтін мемлекеттік қызметшілерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы түсініктемені, шағымды дайындауға көмек алу үшін тұтынушы мына мекенжайға : Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 202 кабинет, Комитеттің мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бастығына хабарласа алады, телефон нөмірі: 8(727)244-95-00, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

21. Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына, осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген жұмыс кестесіне сәйкес Комитетке беріледі, телефон нөмірі: 8(727)244-95-00, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

Егер тұтынушы қабылданған шараларға қанағаттанбайтын болса немесе мәселені жоғары тұрған сатының қарауы талап етілсе, онда өтініш беруші шағымды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының атына не оның орнындағы адамға жазбаша түрде жолдай алады. Шағымдар 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» шағынауданы, 21-үй мекенжайы бойынша поштамен жіберіле немесе қолма-қол беріле отырып, жазбаша түрде қ а б ы л д а н а д ы .

22. Қызметтер жөнсіз көрсетілген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына, осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген жұмыс кестесіне сәйкес Комитетке беріледі, кабинеттің нөмірі 205, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

23. Егер мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда, тұтынушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа арыздануға құқылы.

24. Тұтынушының қалауы бойынша шағымға қосымша құжаттар және м а т е р и а л д а р қ о с ы л а а л а д ы .

25. Шағым берілген жағдайда тұтынушыға Бас прокурордың 2007 жылғы 30 мамырдағы № 20 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесінде көрсетілген нысандағы талон беріледі. Шағым Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында көрсетілген тәртіпте және мерзімде қаралады. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты 8(727)244-95-00 телефоны арқылы а л а а л а д ы .

26. Мемлекеттік қызметтер туралы өзге ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz Интернет-ресурсында орналастырылған.
«З а н д ы т ұ л ғ а л а р д ы - А л м а т ы
қ а л а с ы н ы ң өңірлік қаржы
орталығының қатысушыларын
мемлекеттік тіркеу (қайта
тіркеу)» мемлекеттік

Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының пайызы (үлесі)	100%		
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер пайызы (үлесі)			
4. Шағымдану процесі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
5. Сыпайылық			
5.1. Қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғы 1 4

ж е л т о қ с а н д а ғы

№ 1 9 6 Ж а р л ы ғы м е н

Б Е К І Т І Л Г Е Н

**«Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында қызметтерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға визалар беру туралы өтінішхат беру» мемлекеттік қызметтер
СТАНДАРТЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті (бұдан әрі — Комитет) мына мекенжай бойынша көрсетеді: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 1 8 1 .

2. Мемлекеттік қызметтер көрсету нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызметтер «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңның 5-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы негізінде көрсетіледі.

4. Осы Мемлекеттік қызметтер стандарты (бұдан әрі - Стандарт) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz Интернет-ресурсында («Ұлттық Банктің мемлекеттік қызметтері» бөлігінде), Комитет ғимаратының холында орналастырылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған. Қосымша ақпаратты Комитеттің тегін анықтама қызметтерінде 8(727)244-95-00 телефоны арқылы алуға болады.

5. Комитеттің Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында қызметтерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға визалар беру туралы қағаз тасымалдауыштағы өтінішхатын (бұдан әрі - өтінішхат) беру мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі болып табылады.

Осы Стандарттың 16-тармағында көзделген жағдайларда тұтынушыға жазбаша нысанда мемлекеттік қызметтерден бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі. Бұл ретте тұтынушыға өтінішті қоспағанда, ұсынылған құжаттардың көшірмелері қайтарылады.

6. Мемлекеттік қызметтер Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында қызметтерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ егер олар шақырушы тарап болып табылса, заңды тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің мерзімі:

1) мемлекеттік қызметтерді көрсетудің мерзімі осы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар қоса берілген өтініш тіркелген күннен бастап үш жұмыс күнін құрайды;

2) құжаттарды өткізу, мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерін алу кезінде күтудің жол берілетін ең ұзақ уақыты 15 минут.

8. Мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

9. Комитеттің жұмыс кестесі: сенбі мен жексенбі, заңнамалық актілерде белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, күн сайын дүйсенбі -

жұма күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін (сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін үзіліс). Мемлекеттік қызметтер алдын ала жазылусыз және жедел қызметтерсіз көрсетіледі.

10. Комитет ғимаратының бірінші қабатында орналасқан, Комитеттің жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейтін № 107 кабинет мемлекеттік қызметтер көрсету орны болып табылады. Үстел, қажетті құжаттардың үлгілері бар тұғыр және күту үшін креслолар орналасқан Комитеттің холы күту орны болып табылады, дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қызметтер көрсету үшін жағдайлар көзделген, Комитет ғимаратының кіреберісі пандуспен жабдықталған.

2. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді алу үшін еркін нысанда мынадай мәліметтері бар өтініш ұсынылады:

- 1) әр шетелдіктің және (немесе) азаматтығы жоқ адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 2) туылған күні мен жері;
- 3) азаматтығы (шетел азаматтары үшін);
- 4) резиденттік еліндегі лауазымы мен қызметтер орны;
- 5) білімі туралы мәліметтер;
- 6) резиденттік елінде іс жүзінде тұрғылықты жерінің мекенжайы;
- 7) Қазақстан Республикасында іс жүзіндегі тұрғылықты жерінің мекенжайы;
- 8) болу кезеңі;
- 9) виза еселілігі;
- 10) паспорт мәліметтері немесе азаматтығы жоқ тұлға құжатының мәліметтері;
- 11) виза алу орны;

12) Қазақстан Республикасының аумағына келетін және Қазақстан Республикасынан тысқары шығатын көлік құралының түрі.

12. Өтінішке осы Стандарттың 11-тармағының 1)-5) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері қоса ұсынылады.

13. Құжаттарды уәкілетті құрылымдық бөлімшенің сарапшысы Комитеттің мына мекенжайдағы ғимаратында қабылдайды: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 103 кабинет.

14. Құжаттарды тапсыру кезінде мемлекеттік қызметтердің тұтынушысына Бас прокурордың 2007 жылғы 30 мамырдағы № 20 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесінде көрсетілген нысандағы талон беріледі.

15. Өтінішхатты беру мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 107 кабинет немесе ол визалар беру мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жіберіледі.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту негіздемелері мыналар болып табылады: өтініште өтінішхатты алу үшін осы Стандарттың 11-тармағында көзделген мәліметтердің болмауы; талап етілетін құжаттар көшірмелерінің болмауы.

3. Жұмыс қағидастары

17. Комитеттің мемлекеттік қызметтерді ресімдейтін мемлекеттік қызметшілері өз қызметтерінде:

1) қарапайымдылық танытып, өз лауазымын асыра көрсетпеуі және пайдаланбауы, сыпайы және әдепті болуы;

2) құжаттарды қарау кезінде төрешілдік пен әбігерлік көріністеріне жол бермеуі, олар бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қабылдауы;

3) қаржы орталығының қатысушысы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуі;

4) мемлекеттік қызметтерді тұтынушының құпиялы ақпаратын жеке мақсаттарға пайдалануға жол бермеуі тиіс.

4. Жұмыстың нәтижелері

18. Тұтынушыға мемлекеттік қызметтер көрсетудің нәтижелері осы Стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жұмысын бағалауға негіз болатын мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Комитеттің мемлекеттік қызметтерді ресімдейтін мемлекеттік қызметшілерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы түсініктемені, шағымды дайындауға көмек алу үшін тұтынушы мына мекенжайға: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 202 кабинет, Комитеттің мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бастығына хабарласа алады, телефон нөмірі: 8(727)244-95-00, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

21. Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына, осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген жұмыс кестесіне сәйкес Комитетке беріледі, телефон нөмірі: 8(727)244-95-00, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

Егер тұтынушы қабылданған шараларға қанағаттанбайтын болса немесе мәселені жоғары тұрған сатының қарауы талап етілсе, онда өтініш беруші шағымды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының атына не оның орнындағы адамға жазбаша түрде жолдай алады. Шағымдар 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» шағынауданы, 21-үй мекенжайы бойынша поштамен жіберіле немесе қолма-қол беріле отырып, жазбаша түрде қ а б ы л д а н а д ы .

22. Қызметтер жөнсіз көрсетілген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына, осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген жұмыс кестесіне сәйкес Комитетке беріледі, кабинеттің нөмірі 205, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

23. Егер мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда, тұтынушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа арыздануға құқылы.

24. Тұтынушының қалауы бойынша шағымға қосымша құжаттар және материалдар қ о с ы л а а л а д ы .

25. Шағым берілген жағдайда тұтынушыға Бас прокурордың 2007 жылғы 30 мамырдағы № 20 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесінде көрсетілген нысандағы талон беріледі. Шағым Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында көрсетілген тәртіпте және мерзімде қаралады. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты 8(727)244-95-00 телефоны арқылы а л а а л а д ы .

26. Мемлекеттік қызметтер туралы өзге ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz Интернет-ресурсында орналастырылған «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға визалар беру туралы өтінішхат беру» мемлекеттік қызметтер стандартына ҚОСЫМША

Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының пайызы (үлесі)	100%		
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
3. Қолжетімділік			
3.1. Қызмет сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер пайызы (үлесі)			
4. Шағымдану процесі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
5. Сыпайылық			
5.1. Қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғы 1 4

ж е л т о қ с а н д а ғы

№ 1 9 6 Ж а р л ы ғы м е н

БЕКІТІЛГЕН

«Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының құжаттамасын қаржы орталығының органдарын қоспағанда, мемлекеттік органдарға беру үшін ағылшын тілінен мемлекеттік және орыс тілдеріне аудару» мемлекеттік қызметтер СТАНДАРТЫ

1. Жалпы ереже

1. Мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті (бұдан әрі -

Комитет) мына мекенжай бойынша көрсетеді: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі,
1 8 1 .

2. Мемлекеттік қызметтер көрсету нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызметтер «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңның 15-бабының негізінде көрсетіледі.

4. Осы Мемлекеттік қызметтер стандарты (бұдан әрі - Стандарт) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz Интернет-ресурсында («Ұлттық Банктің мемлекеттік қызметтері» бөлігінде), Комитет үйінің холында орналастырылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған. Қосымша ақпаратты Комитеттің тегін анықтама қызметтерінде 8(727)244-95-00 телефоны арқылы алуға болады.

5. Мемлекеттік қызметтердің аяқталу нысаны қаржы орталығының қатысушысына (бұдан әрі - қаржы орталығының қатысушысы) мемлекеттік органдарға беру үшін қағаз және электрондық тасымалдауыштағы құжаттама аудармасын беру болып табылады.

Осы Стандарттың 16-тармағында көзделген жағдайда қаржы орталығының қатысушысына мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту туралы жазбаша нысанда дәлелді жауап беріледі.

6. Мемлекеттік қызметтер қаржы орталығының қатысушыларына көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің мерзімі:

1) мемлекеттік қызметтерді көрсетудің мерзімі өтініш берген күннен бастап жеті жұмыс күні болып табылады;

2) құжаттарды өткізу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерін алу кезінде күтудің жол берілетін ең ұзақ уақыты 15 минут.

8. Мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

9. Комитеттің жұмыс кестесі: сенбі мен жексенбі, заңнамалық актілерде белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа күндері, күн сайын дүйсенбі - жұма күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін (сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін үзіліс). Мемлекеттік қызметтер алдын ала жазылусыз және жедел қызметтерсіз көрсетіледі.

10. Комитет үйінің екінші қабатында орналасқан, Комитеттің жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейтін № 203 кабинет мемлекеттік қызметтер көрсету орны болып табылады. Үстел, қажетті құжаттардың үлгілері бар тұғыр және күту үшін креслолар орналасқан Комитеттің холы күту орны болып табылады, дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қызметтер көрсету үшін жағдайлар көзделген, Комитеттің кіреберісі пандуспен жабдық алған.

2. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтерді алу үшін қаржы орталығының қатысушысы еркін нысанда лауазымды тұлғаның қолы қойылған, қаржы орталығы қатысушысының мөрі басылған мынадай мәліметтері бар өтініш береді:

қаржы орталығы қатысушысының атауы, орналасқан мекенжайы және байланыс телефондары;
аударылған құжаттама берілетін мемлекеттік органның атауы;
ағылшын тілінде ұсынылған құжаттардың аударылуы қажет етілетін тіл (мемлекеттік және (немесе) орыс тілі);
қосымшадағы беттер саны.

12. Өтінішке аударуға жататын қағаз және электрондық тасымалдауыштағы мына өлшемдерге сай құжаттама беріледі:
тілі - ағылшын;
қарпі - Times New Roman;
қаріп мөлшері - 14.

13. Құжаттарды уәкілетті құрылымдық бөлімшенің сарапшысы Комитеттің мына мекенжайдағы үйінде қабылдайды: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 103 кабинет.

14. Құжаттарды тапсыру кезінде мемлекеттік қызметтердің тұтынушысына Бас прокурордың 2007 жылғы 30 мамырдағы № 20 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесінде көрсетілген нысандағы талон беріледі.

15. Қаржы орталығының қатысушысына қағаз және электрондық тасымалдауыштағы аударылған құжаттаманы беру мына мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 203 кабинет не өтініш берушінің өтінішінде көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы жіберіледі.

16. Аударуға жататын, бірақ мемлекеттік органдарға беруге арналмаған құжаттаманың ұсынылуы мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартуға негіздеме болып табылады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің мемлекеттік қызметтерді ресімдейтін мемлекеттік қызметшілері өз қызметтерінде:

- 1) қарапайымдылық танытып, өз лауазымын асыра көрсетпеуі және пайдаланбауы, сыпайы және әдепті болуы;
- 2) құжаттарды қарау кезінде төрешілдік пен әбігерлік көріністеріне жол

бермеуі, олар бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қабылдауы;

3) қаржы орталығының қатысушысы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуі;

4) мемлекеттік қызметтерді тұтынушының құпиялы ақпаратын жеке мақсаттарға пайдалануға жол бермеуі тиіс.

4. Жұмыстың нәтижелері

18. Тұтынушыға мемлекеттік қызметтер көрсетудің нәтижелері осы Стандарттың қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Мемлекеттік қызметтердің сапа және тиімділік көрсеткіштерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жұмысын бағалауға негіз болатын мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Комитеттің мемлекеттік қызметтерді ресімдейтін мемлекеттік қызметшілерінің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы түсініктемені, шағымды дайындауға көмек алу үшін тұтынушы мына мекенжайға : Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 181, № 202 кабинет, Комитеттің мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бастығына хабарласа алады, телефон нөмірі: 8(727)244-95-00, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz

21. Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына, осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген жұмыс кестесіне сәйкес Комитетке беріледі, телефон нөмірі: 8(727)244-95-00, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

Егер тұтынушы қабылданған шараларға қанағаттанбайтын болса немесе мәселені жоғары тұрған сатының қарауы талап етілсе, онда өтініш беруші шағымды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының атына не оның орнындағы адамға жазбаша түрде жолдай алады. Шағымдар 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» шағынауданы, 21-үй мекенжайы бойынша поштамен жіберіле немесе қолма-қол беріле отырып, жазбаша түрде қ а б ы л д а н а д ы .

22. Қызметтер жөнсіз көрсетілген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына, осы Стандарттың 9-тармағында көрсетілген жұмыс кестесіне сәйкес Комитетке беріледі, кабинеттің нөмірі 205, электрондық поштасының мекенжайы: krfca@nationalbank.kz.

23. Егер мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайда,

тұтынушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа арыздануға құқылы.

24. Тұтынушының қалауы бойынша шағымға қосымша құжаттар және материалдар қосыла алады.

25. Шағым берілген жағдайда тұтынушыға Бас прокурордың 2007 жылғы 30 мамырдағы № 20 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесінде көрсетілген нысандағы талон беріледі. Шағым Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында көрсетілген тәртіпте және мерзімде қаралады. Шағымды қарау барысы туралы ақпаратты 8(727)244-95-00 телефоны арқылы ала алады.

26. Мемлекеттік қызметтер туралы өзге ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz Интернет-ресурсында орналастырылған.

«Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы қатысушыларының құжаттамасын қаржы орталығының органдарын қоспағанда, мемлекеттік органдарға беру үшін ағылшын тілінен мемлекеттік және орыс тілдеріне аудару» мемлекеттік қызметтер

стандартына

ҚОСЫМША

Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну жағдайларының пайызы (үлесі)	100%		
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
3. Қолжетімділік			

3.1. Қызмет сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
3.2. Ақпаратқа электронды форматта қол жеткізуге болатын қызметтер пайызы (үлесі)			
4. Шағымдану процесі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		
5. Сыпайылық			
5.1. Қызметкерлердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	100%		

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 9 6 Ж а р л ы ғ ы н а

қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір Жарлықтарының ТІЗБЕСІ

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 24 ақпандағы № 928 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 13 - 14, 124 - қ ұ ж а т) .

2. «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 932 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 20 - 21, 151 - қ ұ ж а т) .

3. «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 1063 Ж а р л ы ғ ы .

4. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 932 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 1145 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 16, 183 - қ ұ ж а т) .

5. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы

24 ақпандағы № 928 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 1168 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 25, 298-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК